


«КЕЛІСЕМІН»

Батыс Казақстан облысының
спорттық бағдарлау
федерациясының президенті
Н. Қасимов
2025 жыл



«БЕКІТЕМІН»

Орал қаласының Дене
шынықтыру және спорт
бөлімшесінің басшысы
А. Исанов
2025 жыл



Шаңғымен спорттық бағдарлаудан Орал қаласының ашық чемпионатының ЕРЕЖЕСІ

I. Мақсаты

- Шаңғымен спорттық бағдарлауды насихаттау;
- Бұқара халықты салауатты өмір салтын қалыптастыруға тарту;
- Жаттықтырушылар мен спортшылардың біліктілігін арттыру;
- Орал қаласының құрамасына спортшыларды іріктеу.

II. Жарысты откізуге басшылық

Жарысты үйымдастыру мен откізу бойынша жалпы басшылықты Орал қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі жүргізеді. Жарысты тікелей откізу Орал қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі бекіткен төрешілер алқасына жүктеледі. Жарыс Қазақстан Республикасының спорттық бағдарлаудан жарыстар откізу және IOF ережесіне сай өтеді. Қатысушылардан orgeo.ru ресми сайтында өздігінен жарысқа тіркелуі ұралады.

III. Жарысты откізу орны және уақыты

Жарыс 2025 жылдың 16 ақпан күні Орал спорт клубының «Арқанды саябақ» аумағында өтеді. Қатысушылардың келу күні 16 ақпан сағат 10.00 – ге дейін.

IV. Жарысқа қатысушылар

Жарысқа қатысушылардың жас ерекшеліктері:

MW12 (2013 -2016 ж – ұл, қыз)

MW 14 (2011-2012 ж – ұл, қыз)

MW 16 (2009-2010 ж – ұл, қыз)

V. Жарыс шарты

Жарыс бағдарламаға сай 1 күн өтеді. Қатысушылардың жарыс бағдарламаларын орындау үшін қажетті құралдары: шаңғы жиынтығы, шаңғымен спорттық бағдарлаушының планшеті, түсбағдар (компас).

ыңғайлы киімі болғаны дұрыс. Команда өкілі мандат комиссиясына төмендегідей құжаттарды тапсырады:

- жіберген мекеменің мөрі және дәрігердің қолы қойылған сұраныс

№	ТА (толығымен)	Тұған жылы (толығымен)	Жас ерекшелігі	Спорт.разряд	Есеп (Зачет)	Дәрігер рұқсаты
---	-------------------	---------------------------	----------------	--------------	--------------	-----------------

·(сұранысты берілген нұсқа бойынша тапсыру сұралады)

- әр қатысушының жеке куәлігінің түпнұсқасы

Өтінішті ailan-84@mail.ru электронды адресіне 2025 жылдың 15 ақпаны сағат 18.00 ге дейін жіберу қажет. Мерзімінен кешіктірілген сұраныстар қабылданбайды.

VI. Жарыс бағдарламасы

16 ақпан 2025 жыл

10.00—дейін командалардың келуі;

10.00 – 10.30 – Шаңғымен спорттық бағдарлаудан Орал қаласының ашық чемпионатының ашылуы;

10.30–12.30 – «Орта» қашықтығы;

13.00 –13.30 – Шаңғымен спорттық бағдарлаудан Орал қаласының ашық чемпионатының жабылу салтанаты.

VII. Маратттау

Жас мөлшері бойынша жүлдегерлер мен жеңімпаз командалар Орал қаласының дene шынықтыру және спорт бөлімінің дипломдарымен, медальдармен марапатталады.

VIII. Қаржыландыру

Жарыс дипломдары, медальдары, шаңғы жолын дайындау, төрешілердің еңбекақысы Орал қаласының дene шынықтыру және спорт бөлімі есебінен. Басқа да барлық шығындар: Картографиялық материалдарды дайындау, басып шығару, электронды есептеуіш құралдарын қолдану, канцелияр тауарлары, төрешілерді және құралдарды жарыс орнына тасымалдау қатысуши командалардың Батыс Қазақстан облысының федерациясына төленетін жарна есебінен. Жарыс жарнасы әр қашықтық картасына 500 теңге көлемінде. Жарысқа қатысушылардың шығындары мен жарыс картасын алу оздерінен немесе жіберуші мекеме есебінен.

Кординаторлар:

Нурманов Райлан Ерсайынұлы жарыстың бас төрешісі 8 777 6717546, 87016358363

Диланова Назира жарыстың бас хатшысы тел: 8 747 748 10 09

Бас төреші жарыс ерезесіне аздаған өзгерістер енгізуіне құқылы!